ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖАҢА ТҮБЕК КОМПАНИЯСЫ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУІЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

БСН 040340009090. мекен-жайы: Маңғыстау обылысы, Мұнайлы а/н, Маңғыстау селосы, 107 үй, 2 п. «Банк Центр Кредит» АҚ Ақтау қ филиалы.
БСК KCJBKZKX. е/ш KZ 408560000006710315. тел: 8(7292) 303017. ұялы тел: 87292303017. эл.почта: zhtk_2014@mail.ru. индексі: 130000.

Ақтау қаласы

шығыс: № 08-Х21/15.07.2021жыл.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің
Маңғыстау облысы
бойынша ішкі мемлекеттік
аудит департаменті

Шағым

Конкурс номері: *5931917-1*
Конкурстың атауы: *«Маңғыстау ауылы Шерқала тұрғын үй массивіне Парк орнату жұмыстары»*
Ұйымдастырушы: *«Мұнайлы аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі*
Тапсырыс беруші: *«Маңғыстау ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі*

Осымен, мемлекеттік сатып алу веб-порталында жоғарыда көрсетілген сатып алу бойынша ағымдағы жылдың 8 шілдесінде жарияланған қорытындылар туралы хаттамаға келіспейтіндігімізді білдіре отырып, заң бұзушылықтар орын алғанын хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 10-бабының 1-тармағы 1)тармақшасында **әлеуетті өнім берушінің** және (немесе) ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындаушысының) біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін құжат (құжаттар) ұсынбағанда біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылатындығы көзделген.

Осыған байланысты, сатып алу бойынша бекітілген конкурстық құжаттамаға сәйкес жұмыстарды орындау үшін бірнеше материалдық және еңбек ресурстары болу талабы қойылған. Конкурстық құжаттаманың 1-3-қосымшасында көзделген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағида) 124-тармағында конкурстық комиссия, біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сай келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында, веб-портал арқылы конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарайтындығы көрсетілген.

Сонымен қатар, қағиданың 150-тармағында *әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер:* 1)тармақшасының алтыншы абзацында *конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша*

міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы жағдайы көзделген.

Алайда, конкурстық комиссиямен көрсетілген заң талаптары бұзылып, әлеуетті өнім беруші «Сенімді» ЖШС-нің *(БСН:020140006194)* конкурстық өтінімідері біліктілік талаптарына сай келеді деп заңсыз жіберілген, атап көрсеткенде: ***еңбек ресурстары бойынша***

1) 1-3-қосымшасында сұратылған 4 (төрт) жүргізушінің үшеуінің құжаттары, жүргізуші куәлігі тиісті категорияларымен ұсынылмаған яғни, ***Водитель пассажирского транспорта, Водитель Краны на автомобильном ходу 10 т, Водитель Трактора,*** жүргізушілері мүлдем жоқ екенін көрсетеді.

2) 1-3-қосымшасында сұратылған **Разнорабочий** ге ұсынған жұмысшыларының екеуінің жеке куәліктерінің мерзімі өтіп кеткен яғни, жарамсыз атап айтқанда; ***Тлемов Утелген Калашович., Күбірғалиұлы Нұрбол,*** бұл арада сұратылып отырған Разнорабочий жұмысшылардың саны 10 (он) данадан кем екенін көрсетеді.

Бұдан басқа, Заңның 6-бабының 1-тармағында әлеуетті өнім беруші, егер: 7)тармақшасында әлеуетті өнім берушінің және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) баланстық құны тиісті негізгі қаражат құнының он пайызынан асатын мүлкіне тыйым салынса өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысуға құқылы еместігі көрсетілген.

Осыған байланысты, қағиданың 150-тармағының 3)тармақшасында *Заңның 6-бабы 1-тармағының 7), 9), 10) және 11) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты шектеулер бойынша,* ***конкурстық комиссия*** *тиісті уәкілетті органдардың интернет-ресурстарындағы ақпаратты қарастыратындығы* көзделген.

Осыған орай, **материалдық ресурстарында** сұратылған *(Краны башенные, Автогрейдер, Краны на автомобильном ходу 10 т, Трактор)* әлеуетті өнім беруші «Сенімді» ЖШС-нің техникалар бойынша «Нияз-Мухаммед» ЖШС-мен автокөліктерді жалға беру шарты жасасылған. *(Договор аренды №01 от 01.03.2021г.)*

Алайда, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі интернет-ресурсында «Нияз-Мухаммед» ЖШС-нің мүлікіне тыйым салынған, яғни шектеулер бар болуы.

Бұл ретте, конкурстық комиссиямен аталған өнім берушінің конкурстық өтінімін қарау барысында өрескел заң бұзушылықтарға жол берілген яғни, салғырт қаралған.

Осылайша, конкурстық комиссиямен Заңның 4-бабының 4)тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы қағидаты сақталмаған.

Жоғарыда көрсетілгендер негізінде және камералдық бақылау жүргізу қағидаларына сәйкес, мемлекеттік сатып алу қорытындысын қайта қарау қажет деп есептейміз.

«Жаңа Түбек Компаниясы» ЖШС
Директоры **Б. Шәмбіл**